

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология және әлем тілдері факультеті Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының докторанты Шормақова Арайлым Ботанқызының «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі» тақырыбындағы диссертациясына

П І К І Р

Тіл – адамның қарым-қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын, ойлау жүйесін сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылық. Ақиқат дүниені тану үдерісінде дүниетанымдық білімдер арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасады. Бұл жалпыадамзаттық сана әлемдегі барлық халыққа ортақ болса, адамзаттың бір-бірінен ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Демек, тілден жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктер де көрініс тауып отырады. Оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, идеологиясын айқындайды.

Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Сондықтан да, докторант А. Шормақованың «Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі» атты зерттеу жұмысы бүгінгі күн талабынан туындап отыр деуге болады. Себебі докторант бұл зерттеу жұмысында танымдық деңгейге көтерілген өсімдік атауларын зерттеп, олардың мазмұнындағы лингвомәдени кодтарды ашу үшін жан-жақты талдаулар жасайды.

Докторант диссертациялық зерттеуде бірнеше ғылыми тұжырымдамалар мен жаңалықтарға қол жеткізді. Халықтың материалдық мәдениетін көрсететін өсімдік атаулар жүйесін анықтады; өсімдік атаулар жүйесіндегі халықтың рухани мәдениетін көрсететін мәдени-тілдік деректерді талдады; өсімдік атауларын ұлт дәстүрінің дәйекті дереккөзі ретінде талдады; алғаш рет табиғатпен астасқан қазақ мәдениетіндегі символдану үдерісінің үлгісі ретінде «Жусан» өсімдігін лингвомәдени концепт ретінде дәлелдеді; өсімдік атауларының ұлттық мәдени құндылықтарды танытатын лингвомәдени мәні мәдени-тілдік қор жүйесіндегі қазақ тілінің куммулятивтік қызметін ашты.

Қазақ халқы жер бетіндегі өсімдік дүниесіне тым ерте кезден бастап көңіл бөліп, әрбір шөпті танып, біліп қана қоймай, оның малға жұғымдылығын, я болмаса қай шөп зиян екенін ажырата білудің өмірлік мәні болғанын зерделей білген. Әрбір жер бетіне қылтиып шыққан өскінге, оның ерекше белгілерін дөп басып айқындайтын жеке-жеке ат қойып, айдар таққан. Төрт түлікке күтім жасау қаншалықты қажет болса, сол мүддеге сай жер түгінің құнарлылығы зерделенген халықтық білім бүгінгі күн тұрғысынан толықтай зерттелуі керек. Өсімдік әлемі бүгінгі күнге дейін терминологиялық, уәжділік т.б. тұрғысынан жан-жақты зерттеліп келді.

Өсімдіктерді зерттеуге бүкіл саналы ғұмырын арнаған үлкен ғалымдарымыз да бар. Дей тұрғанмен, өсімдіктер қаншалықты көп, әрі халықтың тұрмысына етене сіңісіп кеткен болса, оны зерттеу соншалықты еңбекті, ізденісті, ғылыми біліктілікті қажет етеді. Тіліміздің мұрагерлік (кумулятивтік) қасиетінің арқасында бүгінгі күнге жеткен мол қазынаны құжатқа тіркеп, оны келешек ұрпаққа аман-есен жеткізу бүгінгі тілтанушы ғалымдардың еншісіндегі нәрсе. Сондықтан диссертанттың бұл еңбегін жетекшісі ретінде лингвомәдениеттану саласы бойынша жазылған сүбелі еңбектердің қатарына жатқызар едім. Диссертант ғылым жолына бағыт алғандықтан, бұл зерттеу жұмысы бір диссертацияның ғана көлемінде шектеліп қалмай, болашақта үлкен монографияларға, танымдық еңбектерге айналады деп сенемін.

Диссертациядан алынған нәтижелері логикалық бірлікте, тараулар мен тараушалар тікелей тақырыпқа сай, бір-бірімен тығыз байланыста. Қолжазбаның құрылымы мен мазмұны, нәтижелері мен қорытындылары өзара сабақтастықта, алға қойған мақсатын нақты шешуге бағытталған еңбек деп бағалауға болады. Диссертация Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына жауап беретін ғылыми мәні мен практикалық құндылығы бар зерттеу деп есептеуге болады.


PhD докторант А.Б.Шормақованың 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға жазылған диссертациясын көпшілік алдында қорғауға жіберуге лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғыл. докторы, профессор



Ж. А. Манкеева
Ж. А. Манкеева



Ж. А. Манкеева